

«Айгөлек» ән байқауы

23 қараша күні «Мәдениет және өнер» фракциясының ұйымдастыруымен «Айгөлек» ән байқауы өтті. Байқауға 2,3,4-сынып оқушыларынан 14 қатысушы қатысты. Бүлдіршіндер өздерінің үлкен дайындықпен келгенін байқатты. Өз Отанына, туған өлкесіне, ата – анасына, ұстаздарына, достық қарым – қатынасқа деген ыстық ықыластарын әнмен білдірген қатысушылар көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп, көңілімізді бір көтеріп тастады. Байқау болған соң, қатысушылардың өнерлері бірінен – бірі асып түсіп жатты. Қазақ қашаннан да ән – бисіз өмірін елестете алмайтын ұлт қой. Бір сәт өзімізді теледидардан көріп жүрген «Айгөлек» байқауында жүргендей сезіндік. Қатысушылардың үлкен талғаммен, сәнмен киілген киімдері көңілге қуаныш ұялатты. Сайыстың аты сайыс. Үш адамнан құралған қатал әділқазылар алқасы қатысушы өнерпаздардың әрқайсысына әділ баға беруге тырысып бақты. Байқау соңында жүлдегер өнерпаздар дипломдармен марапатталды. Сайысты өнерпаздар байқауының әнұранына айналған «Айгөлек» әнімен аяқтады. Ұйымдастырушыларға осы сайысты енді мектепте жылда осы уақытта өткізіп отыруды дәстүрге айналдыру ұсынылды.



